

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 6 сәуірдегі N 310 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 29 қыркүйектегі N 1464 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің кейбір мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 6 сәуірдегі N 310 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2005 ж., N 14, 168-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі туралы ережеде:

13 - тармақта:

4) тармақшада:

бесінші абзацтағы "ветеринариялық қадағалауға" деген сөздер "ветеринариялық-санитариялық бақылауға" деген сөздермен ауыстырылсын; мынадай мазмұндағы алтыншы абзацпен толықтырылсын: "ветеринария";

24) тармақшада "тіркеу" деген сөзден кейін ", өндіру" деген сөзбен толықтырылсын;

26) тармақшада:

"бекітеді" деген сөз "келіседі" деген сөзбен ауыстырылсын;

"және карантиндік іс-шараларды" деген сөздер "іс-шараларды және өсімдіктер карантині жөніндегі іс-шараларды" деген сөздермен ауыстырылсын;

31) тармақшада "мемлекеттік" деген сөз алынып тасталсын;

32) тармақшада "инспектордың" деген сөзден кейін "және өсімдіктер карантині жөніндегі мемлекеттік инспекторлардың" деген сөздермен толықтырылсын;

39) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"39) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен ветеринариялық іс-шараларды, ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) ережелер мен нормаларды, бірдейлендіру есебін қоса алғанда, ветеринариялық есеп пен есептілік нысандарын, ветеринариялық есеп пен есептілікті жүргізу, оларды табыс ету тәртібін, сондай-ақ ветеринария саласындағы басқа да нормативтік құқықтық актілерді бекітеді";

41) тармақшада:

"әзірлейді және" деген сөздер алынып тасталсын;

"адамдар мен жануарлардың" деген сөздер "жануарлар мен адам" деген сөздермен ауыстырылсын;

"(жүктерді)" деген сөз алынып тасталсын;

148) және 149) тармақшаларда "ветеринарлық қадағалануға" деген сөздер "ветеринариялық-санитариялық бақылауға" деген сөздермен ауыстырылсын; мынадай мазмұндағы 163), 164), 165), 166), 167), 168), 169), 170), 171), 172), 173), 174), 175), 176), 177), 178), 179), 180), 181), 182), 183) тармақшалармен толықтырылсын:

"163) облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органының ұсынуы бойынша профилактикасы мен диагностикасы бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылатын жануарлардың энзоотиялық ауруларының тізбесін бекітеді;

164) ветеринария саласындағы қызметті лицензиялаудың біліктілік талаптары мен ережелерінің жобаларын әзірлейді;

165) ветеринария саласында кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғаларды аттестаттау ережесін бекітеді;

166) аумақты аймақтарға бөлу тәртібін айқындайды;

167) тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағында ветеринариялық-санитариялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі ветеринариялық іс-шаралар жоспарын келіседі;

168) ветеринариялық препараттардың республикалық қорын қалыптастыру, пайдалану және есептен шығару тәртібі мен нормативін бекітеді;

169) ветеринариялық препараттардың республикалық қорын мемлекеттік сатып алуды, сақтауды, пайдалануды және есептен шығаруды ұйымдастырады;

170) ветеринариялық препараттарды, жемшөп пен жемшөп қоспаларын пайдалану кезінде оларды есептен шығару, сондай-ақ оларды сақтау мерзімдері өткеннен кейін жою немесе зертханалық зерттеу нәтижелері бойынша мақсатына қарай пайдалануға жарамсыз деп тану тәртібі мен нормативін бекітеді;

171) Қазақстан Республикасының аумағында орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілерді тасымалдауды жүзеге асыру тәртібін айқындайды;

172) тиісті аумақтағы эпизоотиялық жағдайды бағалауды ескере отырып, орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілердің экспортына, импортына және транзитіне рұқсат беру тәртібін бекітеді;

173) мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау жүргізу туралы және орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілердің импортына рұқсат беретін ұйымдарды айқындау туралы шешім шығарады;

174) жануарлар өсіруді, жануарларды, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізатты дайындауды (союды), сақтауды, қайта өңдеуді және өткізуді жүзеге асыратын өндіріс объектілеріне, сондай-ақ ветеринариялық препараттарды, жемшөп пен жемшөп қоспаларын өндіру, сақтау және өткізу жөніндегі ұйымдарға есептік нөмірлер беру тәртібін әзірлейді және береді;

175) ұйымдарда ветеринария саласында пайдаланылатын жануарлар ауруларын қоздырушы штаммдардың пайдаланылуына, тасымалдануына (жеткізілуіне), сақталуына және жойылуына мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылауды жүзеге асырады;

176) орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілердің сынамалар іріктеу тәртібін айқындайды;

177) ветеринариялық іс-шараларды жүзеге асыру жөніндегі ұсынымдар мен әдістемелік нұсқауларды келіседі;

178) ветеринария саласындағы қызметті жүзеге асыратын жергілікті атқарушы органдардың бөлімшелері туралы үлгі ережені әзірлейді;

179) ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру тәртібін әзірлейді;

180) ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру жөніндегі дерекқорды қалыптастыру және жүргізу ережелерін бекітеді;

181) жеке және заңды тұлғаларға экспорттау, импорттау және транзиттеу еліндегі эпизоотиялық жағдай туралы ақпарат береді;

182) кейіннен өткізуге арналған ауыл шаруашылығы жануарларын союды ұйымдастыру тәртібін әзірлейді;

183) жануарлардың аса қауіпті ауруларының профилактикасы мен диагностикасы жөніндегі бағдарламаларды әзірлейді және іске асырады;"

14 - тармақта :

3) тармақшада "ветеринарлық қадағалануға" деген сөздер "ветеринариялық-санитариялық бақылауға" деген сөздермен ауыстырылсын;

24) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"24) жаңа ветеринариялық препараттарға, жемшөп пен жемшөп қоспаларына, аспаптарға, құрал-саймандарға қорытындылар беру;"

25) тармақшада "ветеринариялық қадағалау бақылайтын жүктердің" деген сөздер "ветеринариялық-санитариялық бақыланатын орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілердің" деген сөздермен ауыстырылсын;

30) тармақшада "Қазақстан" деген сөздің алдында "пестицидтерді (улы химикаттарды) мемлекеттік тіркеу және" деген сөздермен толықтырылсын;

31) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"31) өсімдіктер карантині жөніндегі іс-шараларды жүргізуді ұйымдастыру және олардың жүргізілуін бақылауды жүзеге асыру;"

37) тармақшада "осы аймақтарда міндетті іс-шараларды жүргізу тәртібін әзірлейді" деген сөздер "осы аймақтарда өсімдіктер карантині жөніндегі іс-шараларды жүргізу тәртібін әзірлеу және олардың жүргізілуін бақылауды жүзеге асыру" деген сөздермен ауыстырылсын;

71) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"71) жануарлар аурулары бойынша эпизоотиялық мониторинг жүргізу, эпизоотия

ошақтары пайда болған жағдайда оларды зерттеу;"

72) тармақшада "ветеринарлық қадағалануға" деген сөздер "ветеринариялық-санитариялық бақылауға" деген сөздермен ауыстырылсын;

73) және 74) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"73) ветеринариялық препараттардың, жемшөп пен жемшөп қоспаларының мемлекеттік тізілімін жүргізу;

74) жаңа, жетілдірілген ветеринариялық препараттарға, тамақ өнімін, жемшөп, жемшөп қоспаларын өндіруге арналған нормативтік-техникалық құжаттаманы уәкілетті органмен келісу;"

75) тармақшада "ветеринарлық қадағалануға" деген сөздер "ветеринариялық-санитариялық бақылауға" деген сөздермен ауыстырылсын;

112) тармақшада "елдерде" деген сөз "мемлекеттерде" деген сөзбен ауыстырылсын;

113) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"113) өсімдіктер карантині жөніндегі іс-шараларды жүргізу үшін пестицидтерді (улы химикаттарды), оларды сақтау, тасымалдау, қолдану жөніндегі жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасында белгіленген тәртіппен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру;"

мынадай мазмұндағы 113-1) тармақшамен толықтырылсын:

"113-1) өсімдіктер карантині жөніндегі іс-шараларды жүргізу үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен пестицидтердің (улы химикаттардың) қорын құру;"

114) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"114) өсімдіктер карантині жөніндегі іс-шараларды жүргізу үшін бюджет қаражаты есебінен сатып алынған пестицидтерді (улы химикаттарды) Қазақстан Республикасының аумағы бойынша бөлу;"

121), 122) және 123) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"121) ветеринариялық ғылыми зерттеулерді ұйымдастыру және ветеринария саласындағы мамандарды қайта даярлау;

122) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен ветеринариялық препараттарды және оларды сақтау, тасымалдау (жеткізу) және пайдалану жөніндегі қызметтерді мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру;

123) жануарлар өсіруді, жануарларды, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізатты дайындауды (союды), сақтауды, қайта өңдеуді және өткізуді жүзеге асыратын өндіріс объектілерін, сондай-ақ ветеринариялық препараттарды, жемшөп пен жемшөп қоспаларын өндіру, сақтау және өткізу жөніндегі ұйымдарды пайдалануға қабылдайтын мемлекеттік комиссияларға қатысу;"

124) тармақшада "ветеринариялық" деген сөздер "ветеринариялық-санитариялық" деген сөздермен ауыстырылсын;

125) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"125) ауру таралмаған немесе ауру аз таралған аумақты немесе оның бөліктерін айқындау, осы аумақтардан экспортталатын орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілерге мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылауды жүзеге асыру, импортталатын елге растауды беру және Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарда көзделген жағдайларда, оның өкілдерінің осы аумақтарда инспекция жүргізуге қол жеткізуін қамтамасыз ету;"

126) тармақшада "ел" деген сөз "Қазақстан Республикасының" деген сөздермен ауыстырылсын;

134) тармақшада "ветеринариялық қадағалануға" деген сөздер "ветеринариялық-санитариялық бақылануға" деген сөздермен ауыстырылсын;

162) тармақшада "ветеринариялық қадағалауды" деген сөздер "ветеринариялық-санитариялық бақылауды" деген сөздермен ауыстырылсын;

163) тармақшада "ветеринариялық қадағалау" деген сөздер "ветеринариялық-санитариялық бақылау" деген сөздермен ауыстырылсын;

165) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"165) ішкі сауда объектілерінде, жануарлар өсіруді, жануарларды, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізатты дайындауды (союды), сақтауды, қайта өңдеуді және өткізуді жүзеге асыратын өндіріс объектілерінде, сондай-ақ ветеринариялық препараттарды, жемшөп пен жемшөп қоспаларын өндіру, сақтау және өткізу жөніндегі ұйымдарда, сондай-ақ мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақыланатын орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілерді тасымалдау (өткізу) кезінде мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылауды жүзеге асыру;"

177) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"177) ветеринариялық препараттарды, жемшөп пен жемшөп қоспаларын, аспаптарды, құрал-саймандарды байқаудан өткізуді, бақылауды, оларды тіркеу с ы н а қ т а р ы н жү з е г е а с ы р у ; "

мынадай мазмұндағы 186-1) тармақшамен толықтырылсын:

"186-1) өсімдіктер карантині саласындағы мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру;"

187) тармақшада "өсімдіктер карантині жөніндегі шекаралық пункттер мен бекеттерге" деген сөздер "фитосанитариялық бақылау бекеттеріне" деген сөздермен ауыстырылсын;

190) тармақшада:

"өсімдіктер карантині бойынша" деген сөздер "фитосанитариялық бақылау бекеттерінде" деген сөздермен ауыстырылсын;

"шекаралық пункттер мен бекеттерде" деген сөздер алынып тасталсын;

191) тармақшада "республиканың кәсіпорындарында және рыноктарда" деген сөздер "Қазақстан Республикасының ішкі сауда объектілерінде және ұйымдарында" деген сөздермен ауыстырылсын;

192) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"192) өсімдік текті өнімді өсіретін, дайындайтын, жинайтын, қайта өңдейтін және өткізетін ұйымдарға, ішкі сауда объектілеріне, шаруа (фермер), үй жанындағы және саяжай қожалықтарының аумағы мен үй-жайларына, ауыл шаруашылығы, орман, су және басқа да мақсаттағы жерлерге тұрақты бақылау іріктеу зерттеулерін жүргізу;"

193) тармақша алынып тасталсын;

194) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

" 194) м ы н а л а р д ы :

Қазақстан Республикасының өсімдіктер карантині саласындағы заңнамасын бұзудың анықталып жойылғаны туралы;

өсімдіктер карантині жөніндегі іс-шаралардың орындалғаны туралы нұсқаманы беру және оның орындалуын бақылау;"

мынадай мазмұндағы 194-1) тармақшамен толықтырылсын:

"194-1) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіппен және негіздерде дара кәсіпкерлер мен заңды тұлғалардың қызметіне тыйым салу немесе оны тоқтата тұру туралы сотқа талап арыз жіберу;"

196) тармақша алынып тасталсын;

199) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"199) мемлекеттік фитосанитариялық бақылауды ұйымдастыру және жүзеге асыру;" ;

200) тармақша алынып тасталсын;

213) тармақшада "ветеринариялық қадағалануға" деген сөздер " ветеринариялық-санитариялық бақылануға" деген сөздермен ауыстырылсын;

214) және 215) тармақшалардағы "ветеринариялық қадағалануға", "ветеринариялық қадағалауды" деген сөздер "ветеринариялық-санитариялық бақылануға", " ветеринариялық-санитариялық бақылауды" деген сөздермен ауыстырылсын;

215) тармақшада "ветеринариялық қадағалануға" деген сөздер " ветеринариялық-санитариялық бақылануға" деген сөздермен ауыстырылсын;

224) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"224) жануарлардың аса қауіпті ауруларының алдын алу, диагностикасы және оларды жою жөніндегі ветеринариялық іс-шараларды бекіту, ұйымдастыру және қ а м т а м а с ы з е т у ; " ;

мынадай мазмұндағы 236), 237), 238), 239) және 240) тармақшалармен т о л ы қ т ы р ы л с ы н :

"236) мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау объектілерінің қауіпсіздігін, ветеринариялық-санитариялық жағдайды бақылау; жануарлар ауруларының пайда болуы мен таралуы және олардың азықтан улану себептері мен жағдайларын табу әрі анықтау;

237) ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендірудің жүргізілуін бақылау;

238) ветеринария саласындағы қызметті жүзеге асыратын жергілікті атқарушы

органдар бөлімшелерінің қызметін бақылау;

239) жануарлар мен адамның денсаулығына қауіп төндіретін, алып қойылатын және жойылатын ауру жануарлардың, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізаттың құнын иелеріне өтеу;

240) қызметтің мынадай кіші түрлерін: ветеринариялық емдеу-алдын алуды; ветеринариялық мақсаттағы препараттарды өндіру мен өткізуді; ветеринариялық мақсаттарға арналған дәрілік заттарды, биологиялық препараттарды, ветеринариялық және зоогигиеналық мақсаттағы бұйымдар мен атрибуттарды өткізуді;

ветеринариялық-санитариялық сараптаманы жүзеге асыратын тұлғаларды бақылау."

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі *К. Мәсімов*